

## **Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері<\*>**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1820. Қосымшалар берілмейді. 2, 4, 5, 6-тармақтар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1996.12.13. N 1536 қаулысымен. ~P961536 1, 3, 8, 14, 17-тармақтар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1997.07.07. N 1068 қаулысымен. ~P971068

"Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 19 қазандағы N 2541 U952541\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

7. Облыстардың әкімдеріне селолық аудандар мен елді мекендерде жергілікті бюджет есебінен, соның ішінде селолық аудандарда таратылған азаматтық қорғаныс штабтарының саны есебінен төтенше жағдайлар жөніндегі қызметкерлердің штаттық лауазымдарын қарастыру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылдың 5 қаңтарындағы N 191 өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының аппараттарында, кәсіпорындар мен ұйымдарда азаматтық қорғаныс қызметтері (бөлімдері) сақталсын.

Аталған бөлімдерді әдістемелік басқаруды Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет жүзеге асырады деп белгіленсін.

9. Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет - таратылған бұрынғы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы мен Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғанысы штабының құқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мына мекен-жай бойынша: Алматы қаласының Байзақов көшесіндегі 300-үйді (ондағы жабдықтарды, байланыс құралдарын, есептеу техникасын және өзге де мүлікті) Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабына, облыстық, қалалық, аудандық азаматтық қорғаныс штабтарына, оларға ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың бұрын қарамағында болған үйлер мен ғимараттарды Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеттің жедел басқаруына беруді белгіленген тәртіппен ресімдесін.

Төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық шұғыл құтқару жасағының мүлкін басқару жөніндегі өкілеттік пен штаттық лауазымдар саны, сондай-ақ бұрын Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабын ведомстволық бағыныста болған әскери бөлімдер мен ұйымдар, қызметкерлер құрамы мен қару-жарақ, техниканы қоса алғанда,

комитетке берілсін.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Өндірістік пайдалану бірлестігі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы пайдаланған байланыс құралдарын, есептеу техникалары мен ұйымдастыру техникаларын, басқа да жабдықтарды Төтенше жағдай жөніндегі комитеттің балансына берсін.

12. Төтенше жағдайлар жөніндегі комитет қызметімен байланысты және республиканың мемлекеттік мұқтаждары тізбесіне енгізілген өнімдерге, жұмыс пен көрсетілетін қызметтерге мемлекеттік тапсырыс беруші болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1996 жылдан бастап Төтенше жағдайлар жөніндегі комитет үшін арнайы техника, қару-жарақ пен материалдық-техникалық құралдар берілуін мемлекеттік қорғаныс тапсырмасының құрамына енгізісін.

13. Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиядан Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеттің орталық аппаратына ауысқан қызметкерлердің осы лауазымы бойынша жұмыс істеген кезеңінде бұрынғы істеген жұмыс орнынан кем түспейін лауазымдық жалақысы мен Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының қызметкерлері үшін қарастырылған медициналық қызмет көрсетілу жағдайы сақталсын

15. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеттің өтініші бойынша төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою үшін қажетті арнайы құрылымдарды, топтар мен жүктерді осындай мақсаттарға бөлінген қаражат есебінен зардап шеккен аудандарға апаруы мен қайтып келуін бірінші кезекте қамтамасыз етсін;

Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетін үкіметтік байланыс арналарымен, сондай-ақ қажетті мөлшерде телефон, телекс, телефакс, соның ішінде халықаралық байланысымен бір айлық мерзімде қамтамасыз етсін.

Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетке авариялық-құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу кезінде байланыс жасап, хабар беру үшін байланыс пен хабар таратудың мемлекеттік жүйелерін, ведомстволық тораптарын басымдылық пайдалануға рұқсат берілсін.

16. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы Радиожиілік жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеттің өтінішімен республиканың барлық аумағына тұтас тарайтын радиожиілік белдеуліктерін бір ай мерзім ішінде берсін.

18. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылдың 26 қарашадағы N 1193 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы,

1993 ж., N 46, 556-бап);

"Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 қыркүйектегі N 783 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 35, 528-бап);

"Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысын туралы"

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 қыркүйектегі N 733 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж.; N 35, 528-бап);

"Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті 1994 жылғы 16 наурыздағы N 275

Р940275\_

қаулысының 1-тармағындағы үшінші абзацы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 14, 133-бап).

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1995 жылғы 19 желтоқсандағы  
N 1820 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі  
мемлекеттік комитеті туралы

ЕРЕЖЕ

I. Негізгі ережелер

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті (ТЖМК) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына енеді және халық пен

аумақтарды авариялардан, апаттар мен табиғи зілзалалардан қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою, сондай-ақ елдің азаматтық қорғанысы мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

2. ТЖМК өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін, ТЖМК құзырына кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. ТЖМК өз қызметін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасының Республикалық Ұланымен, республиканың басқа да министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына енбейтін орталық атқарушы органдармен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

## II. Негізгі міндеттері мен функциялары

4. ТЖМК-нің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

халық пен аумақтарды авариялардан, апаттар мен табиғи зілзалалардан қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою, сондай-ақ елдің азаматтық қорғанысы саласында ұсыныстар әзірлеу және мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

Төтенше жағдайлар кезінде алдын алу мен іс-қимыл жасаудың мемлекеттің жүйесінің жұмыс істейтін және одан әрі жетілдірілуін қамтамасыз ету;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың (бұдан әрі - кәсіпорындар мен ұйымдар) авариялардың, апаттардың алдын алу мен оны жою, табиғи зілзалалардың зиянын азайту, азаматтық қорғаныстың, апаттан құтқару қызметінің отрядын құру және құтқару жұмыстары мен басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге дайын тұруын қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген нормативтік талаптарды орындауын үйлестіру және мемлекеттік бақылауға алу;

Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысына басшылық ету;

Қазақстан Республикасының авариялық-құтқару қызметін құру және басқару;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша ірі ауқымды авариялардың, апаттар мен табиғи зілзалалардың салдарынан туындаған төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарға басшылық ету;

халық пен аумақтарды авариялардан, апаттар мен зілзалалардан қорғауға, сондай-ақ

төтенше жағдайлар туындаған кезде шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеуін арттыруға бағытталған біртұтас техникалық саясат жүргізу, мемлекеттік мақсатты бағдарлама әзірлеу мен жүзеге асыруды ұйымдастыру;

төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстарды жүргізуге арналған резервтік қорды пайдалануға қатысты жұмыстарды үйлестіру;

халықты, басқару органдарының лауазымды қызметкерлерін оқытуды, төтенше жағдайларда авариялық-құтқару құрамаларының қызметін ұйымдастыру;

ТЖМК-нің құзырына енетін мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі шараларды жүргізуге арналған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық ізгілік көмегі бөлген қаржылардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету.

5. ТЖМК өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі басым бағыттарды айқындайды, төтенше жағдайлар мәселелері бойынша аймақтық және мақсатты бағдарламаларды, заң актілерінің жобалары мен басқа да құқықтық-нормативтік актілерді әзірлеуді ұйымдастырады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жоюға арналған күштер мен құралдардың, басқару органдарының дайындығы жай-күйіне, төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою, азаматтық қорғаныс жөніндегі белгіленген нормативтік талаптардың орындалуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл жасаудың мемлекеттік жүйелерінің жұмыс істеуіне, оның халықаралық жүйеде интеграциялануына бағытталған басшылықты жүзеге асыруды, осы саладағы аумақтық, ведомстволық жүйелердің және функционалдық қосалқы жүйелер мен буындардың қызметін үйлестіреді;

республиканың жұмылдыру жоспарын әзірлеуге қатысады, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс шараларын орындауға тікелей басшылық етуді жүзеге асырады, азаматтық қорғаныс бөлімдерінің, Республикалық шұғыл құтқару отрядының, басқа да шұғыл іс-әрекет жасау бөлімшелерінің, сондай-ақ төтенше жағдайларды жоюға қажетті күштер мен құралдардың жұмылдырылуы мен жауынгерлік дайындығын қамтамасыз етеді;

сейсмологиялық байқаулар мен жер сілкіністерін болжаудың республикалық жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуына басшылықты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен бірлесе отырып, қала құрылысы құжаттарына және беріктік, азаматтық қорғаныс жүйесі талаптары сақталатын бөлігінде құрылыс объектілерінің жобаларына

мемлекеттік сараптау жүргізуді ұйымдастырады;

төтенше жағдайлардың болу ықтималдығы мен оның зардаптарын болжау, авариялардың, апаттар мен табиғи зілзалалардың алдын алу мен зиянын азайту, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, объектілер мен аумақтардың сенімді әрі орнықты жұмыс істеуін арттыру, авариялық-құтқару қызметін құру және дамыту жөнінде министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың, жергілікті атқарушы органдардың жұмыстарын үйлестіреді, солармен және әскери командалық құрам органдарымен бірлесіп төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жасаудың мемлекеттік жүйесіне енетін күштер мен құралдарды жарақтандыру мен орналастыруды айқындайды, олардың үнемі дайындықта тұруын қамтамасыз етеді;

аса қауіпті жұқпалы аурулардың республикаға әкелініп және тарап кетпеуін алдын алу мақсатында жұқпалы ауруларға қарсы шаралардың жүргізілуін үйлестіреді;

төтенше жағдайлар бойынша байланыс пен хабарлау жүйелерін, республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйелерін құру және дамыту жөніндегі қызметті үйлестіреді, олардың жай-күйі мен даярлығына бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша бірнеше облыстың аумағына қамтыған немесе аса қауіпті сипат алған төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарға тікелей басшылық жасауды өз қолына алады; құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізіп, адамдардың денсаулығы мен өміріне төнген қауіптің бетін қайтарған соң төтенше жағдайларды жою жөніндегі басшылықты жергілікті атқарушы органдарға береді;

төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған қажетті күштер мен құралдардың көлемін айқындайды, олардың зілзала аудандарына, соның ішінде шет елдерге де тасымалдау мен жіберілуін ұйымдастырады;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі шараларды жүргізуге қоғамдық ұйымдар мен тиісті білімі мен тәжірибесі бар азаматтарды белгіленген тәртіп бойынша тарту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

іздістіру-құтқару және авариялық-қалпына келтіру құралдарын, байқау, бақылау ақпаратты жинау және беру жүйелеріне арналған жабдықтар мен приборларды, сондай-ақ халық тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін құралдарды әзірлеу, жаңарту және өндіру жөніндегі министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың, жергілікті атқарушы органдарының жұмысын үйлестіреді;

төтенше жағдайлар туралы халықты хабарландыру мен ақпарат беруді, ұйымдарды хабарландырудың тиісті аумақтық және жергілікті жүйелерінің құрылуы мен жұмысын бақылайды;

кәсіпорындар мен ұйымдарды, азаматтық қорғаныстың бөлімдерін, оқу орындарын, ғылыми, ғылыми-техникалық және инженерлік орталықтарын, соның ішінде ТЖМК-ге жүктелген міндеттерді тиімді орындауға арналған шаруашылық есептегі негізде де

құру және қайта ұйымдастыру жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді.

ТЖМК құзырына енетін мәселелер бойынша нұсқауларды, нормаларды, қағидаларды басқа да нормативтік-әдістемелік құжаттарды бекітеді;

төтенше жағдайлар кезінде халық пен аумақтарды қорғау проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді белгіленген тәртіппен ұйымдастырады;

ТЖМК-нің азаматтық қорғаныс бөлімдерін, авариялық-құтқару және басқа да құрамаларын қаржы, материалдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді ұйымдастырады, бөлінген материалдық және қаржы ресурстарын мақсатты, тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі жұмыстарды орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнаулы резервінен қаржы бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізеді;

мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп төтенше жағдайлардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының және шет елдердің халқына белгіленген тәртіппен ізгілік көмегі жүгін қалыптастыру мен оларды жеткізуді ұйымдастырады;

төтенше жағдайлар болған аудандардағы жұмысқа тартылған ТЖМК мен басқа да министрліктер мен ведомстволардың қызметкерлерінің қауіпсіздігін, зардап шеккен аудандарға ТЖМК күштерімен жеткізілетін жүктердің сақталуын қамтамасыз етеді;

төтенше жағдайлардағы іс-қимылға халықты оқыту, басқару органдарының лауазымды адамдарының және азаматтық қорғаныс құрамалары мен авариялық-құтқару қызметінің әзірлік бағдарламаларын әзірлейді, үйлестіреді, бекітеді немесе келіседі; тиісті оқулар мен жаттығулардың жүргізілуін бақылайды; төтенше жағдайлар кезінде іс-қимыл жасаудың дайындық мәселелері бойынша оқу және арнаулы оқу орындарының бағдарламаларын қарайды және келіседі;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою мәселелері бойынша жұртшылықпен, азаматтармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен белгіленген тәртіп бойынша байланыс жасауды жүзеге асырады;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою мәселелері бойынша, азаматтық қорғаныс, зардап шеккен халыққа көмек беру және ТЖМК-нің құзырына жататын және басқа да мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен халықаралық ынтымақтастықты, сондай-ақ осы салалардағы шетел тәжірибесін жинақтау және таратуды жүзеге асырады, халықаралық шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

БҰҰ жүйесінің орталық органдары мен арнаулы халықаралық ұйымдарының аймақтық бөлімшелерінде және басқа арнаулы халықаралық ұйымдарда осы ұйымдармен келісілген шарттар негізінде жұмыс істеуі үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша өз өкілдерін жібереді;

ТЖМК орталық аппараты мен оның ведомстволық бағыныстағы кәсіпорын, ұйым

қызметкерлерінің, ТЖМК-нің апаттан авариялық-құтқару және өзге де құрамалары қызметкерлерінің, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу мен оның зардаптарын жоюға тартылған адамдардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

### III. Өкілеттіктері

6. ТЖМК-ге жүктелген міндеттерді орындау үшін оған мынадай құқықтар беріледі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін министрліктер, мемлекеттік комитеттер, орталық атқарушы органдар және жергілікті атқарушы органдар, кәсіпорындар мен ұйымдар орындауға міндетті елді азаматтық қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі жұмыстарды өз құзыреті шегінде қабылдайды;

ТЖМК-нің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін министрліктер, мемлекеттік комитеттер, орталық атқарушы органдар және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың басшыларын тыңдайды;

ТЖМК-ға жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпарат пен мәліметтерді (соның ішінде - компьютераралық арналар бойынша) мемлекеттік статистика, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан белгіленген тәртіппен сұрау салып алады; төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында ақпараттық деректер банкі (соның ішінде құпияларын да) пайдаланады;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне аварияларды, апаттарды және табиғи зілзалаларды жою, төтенше жағдайлар аймақтарында қоғамдық тәртіпті сақтауды және объектілерді күзетуді қамтамасыз ету үшін тәртіп қорғау органдарының, Республикалық Ұланның, Қарулы Күштер әскери бөлімдері мен бөлімшелерінің күштері мен құралдарын тартуға ұсыныстар беріп, сұрау салады;

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан көлік құралдарын, құтқару, қалпына келтіру, медициналық, басқа күштер мен құралдардың, материалдық-техникалық, медициналық және азық-түлік ресурстары мен қорларды (жұмылдыру және мемлекеттік резервтерден басқа) белгіленген тәртіппен тартуға, сондай-ақ мамандар топтарын апат аудандарына жеткізу үшін барлық көлік түрлеріне билеттерді басымдылық ретімен сатып алады;

авариядан құтқару, авариядан соң қалпына келтіру және басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу үшін ақпарат беру және байланыс үшін байланыс пен ақпарат берудің мемлекеттік жүйелері мен ведомстволық желілерін басымдылық ретімен пайдаланады;

ТЖМК-ның құзыретіне жататын мәселелер бойынша министрліктер, мемлекеттік



комитеттер өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар, кәсіпорындар мен ұйымдар, шаруашылық жүргізу объектілеріне белгіленген тәртіппен тексеру жүргізеді;

іс-қимылдары немесе әрекетсіздіктері төтенше жағдайлардың туындауына жеткізу мүмкін немесе жеткізген лауазымды адамдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіппен енгізеді;

төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі жұмыстарға сараптамалар мен тексерулерді жүргізуге қатысу үшін мамандарды, сарапшыларды, соның ішінде шет елдерден де тартады;

бекітілген әрі белгіленген тәртіппен айырығы белгілері мен (бейнелік мәнді) арнайы дабылдар және байланыс құралдары мен жабдықталған арнайы көлік құралдарын ұстайды;

ТЖМК-ның құзыретіне жататын мәселелерді шешу кезінде пайдаланылатын көлік құралдарының түрі мен меншігіне қарамастан республиканың бүкіл аумағында емін-еркін кедергісіз қозғалуға, ұйымдардың аумақтары мен алаң-жайларына (дипломатиялық қорғанышы бар шет елдік мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың алаң-жайларынан басқа) кедергісіз кіруге құқық беретін куәліктер ТЖМК-ның орталық аппараты мен аумақтық органдарының қызметкерлерінде болады, сондай-ақ мамандар топтарын апат аудандарына жеткізу үшін көліктің барлық түрлеріне басымдылық ретімен билет сатып алады;

ТЖМК-нің өтінішімен Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік комиссия бөліп беретін радиожиіліктердің бүкіл республика аумағында біртұтас толқындарын алады.

7. ТЖМК-ның Төрағасына төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға тікелей басшылықты жүзеге асыру кезінде мынадай құқықтар беріледі:

төтенше жағдайлар аудандарында азаматтардың тұруы мен жүріс-тұрысының тәртібін жергілікті атқарушы органдармен келісім белгілейді;

төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін кейін Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне баяндап, мемлекеттік жұмылдыру резервтерінде жинақталған материалдық-құндылықтардың қорын айрықша жағдайларда пайдаланады;

жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпеген кез келген лауазымды адамды оны кейін белгіленген тәртіппен жауапқа тартып, төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстардың тапсырылған учаскесін басқарудан шеттетеді.

#### IV. Қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

8. ТЖМК-ны Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынысымен Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымынан босататын Төраға басқарады.

ТЖМК-ның соның ішінде біреуі бірінші орынбасарлары болады. Төрағаның орынбасарларын Қазақстан Республикасының Үкіметі ТЖМК Төрағасының ұсынысымен лауазымына тағайындайды және босатады.

#### 9. ТЖМК-ның Төрағасы:

ТЖМК-ға басшылықты жеке-дара басшылық негізінде жүзеге асырады; лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғанысының бастығы ретінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары болып табылады; лауазымы бойынша Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиясының, Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының және Республикалық індеттерге қарсы төтенше комиссиясының төрағасы болып табылады;

ТЖМК-ның оның аумақтық органдарының, ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындары мен ұйымдарының, Қазақстан Республикасы Азаматтық Қорғаныс бөлімдерінің қызметіне басшылық жасайды, ТЖМК-ның атынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік және өзге де органдары мен ұйымдарда, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда өкілдік етеді;

ТЖМК орталық аппаратының, оның аумақтық органдарының, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың белгіленген еңбекақы қоры мен саны шегінде штаттық кестесін, сондай-ақ оларды ұстау шығындарын тиісті кезеңге белгіленген бюджет қаражаты шегінде бекітеді, қызметкерлерді лауазымына тағайындауды жүргізеді;

төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық және аудандық басқармалар, аудандық бөлімдер туралы Ережелерді бекітеді;

бұйрықтар, директивалар шығарады, нұсқаулар береді, ТЖМК-ның қаулыларына қол қояды;

авариялар, апаттар және табиғи зілзалалардың себептерін зерттеу және талдау жөнінде комиссиялар құрады;

жоғарғы офицерлік құрам ауыстыратын ТЖМК-ның лауазымдары тізбесі және жоғарғы офицерлік құрамға әскери атақтарды беру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына белгіленген тәртіппен енгізеді, әскери қызметшілер атқаратын лауазымдар тізбесін бекітеді;

офицерлік құрамдағы адамдарды, прапорщиктерді, мичмандарды, мерзімінен тыс етушілерді лауазымдарға тағайындайды, қызметіне қарай ауыстырады, подполковникке дейін қоса алғанда, әскери атақ береді;

ТЖМК жүйесіндегі ерекше көзге түскен қызметшілерге мемлекеттік наградалар беру және құрметті атақтар беру туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіппен енгізеді;

әскери қызметшілерді қоса алғанда, қызметшілерді белгіленген тәртіппен қызметтік іссапарларға, соның ішінде республикадан тысқары да жібереді;

ТЖМК-ны қаржыландыруға бөлінетін кредиттерге иелік етуші болып табылады; республикалық бюджет есебінен бөлінген және белгіленген қызмет мерзімін

орындаған материалдық-техникалық ресурстарды есептен шығаруға құжаттарды белгіленген тәртіппен бекітеді;

объектілерге әзірленген жобалау-сметалық құжаттарға арнайы техникалық-құралдар мен жабдықтарға жобалау тапсырмаларын және техникалық тұжырымдамаларды бекітеді; өз құрылысын тоқтатуға және олардың жүзеге асырылмаған құрылысы жөніндегі жобалау-іздістіру жұмыстарына шығындарды есептен шығару актілерін бекітеді;

Қазақстан Республикасы азаматтық қорғаныс бөлімдері, авариялық-құтқару құрамалары үшін арнайы техника мен техникалық құралдардың жаңа түрлерін жобалауға тапсырмаларды, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға тактикалық-техникалық тапсырмаларын бекітеді.

10. ТЖМК-да құрамына Төрағасы (алқа төрағасы), төрағаның орынбасары лауазымдары бойынша, сондай-ақ ТЖМК мен оған ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары кіретін алқа құрылады.

ТЖМК алқасының мүшелерін ТЖМК Төрағасы бекітеді.

11. ТЖМК жүйесінде төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық, қалалық басқармалар, аудандық бөлімдер белгіленген тәртіппен құрылып, өздерінің қызметін жүзеге асырады. ТЖМК және оның аумақтық органдары, төменгі аумақтық бөлімшелері жоғары тұрғандарына тікелей бағынатын біртұтас жүйе құрайды.

ТЖМК-ның аумақтық органдарының басшыларын ТЖМК Төрағасы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдерімен келісіп ТЖМК Төрағасы тағайындайды.

12. ТЖМК-ның құзыретіне жатқызылған маңызды проблемалар бойынша ұсынымдарды қарау және әзірлеу үшін ТЖМК жанында ғылыми-техникалық кеңес құрылады. Оның құрамына республика министрліктерінің, ведомстволарының, жергілікті атқарушы органдарының, ғылыми ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері кіреді.

Ғылыми-техникалық кеңестің құрамы мен ол туралы Ережені ТЖМК-ның Төрағасы бекітеді.

13. ТЖМК банк мекемелерінде ағымдағы шоты мен басқа да шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ, орыс тілдерінде жазылған мөрі бар заңды тұлға болып табылады.